

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.15.47

<https://orcid.org/0000-0002-5330-9437>, <https://orcid.org/0009-0008-2689-7262>
e-mail: azamat.jamashev@mail.ru, e-mail: aigerim_divine_a@mail.ru

ИГНАЦ ГОЛЬДЦИЕРДІҢ «MUHAMMEDANISCHE STUDIEN» (MUSLIM STUDIES) ЕҢБЕГІНДЕГІ ЖАҢИЛИЕТ ПЕН ИСЛАМ АРАҚАТЫНАСЫНДАҒЫ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қасымханова Айгерім Болатқанқызы
Исламтану мамандығының магистранты,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті
Алматы, Қазақстан

Жамашев Азамат Шутбаевич
Философия ғылымдарының кандидаты,
доцент
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті
Алматы, Қазақстан

القضية الأخلاقية بين الجاهلية والإسلام في كتاب «MUHAMMEDANISCHE STUDIEN» (MUSLIM STUDIES) لإجناثس جولدتسيهر

Қасымханова Айгерім Болатқанқызы
طالبة ماجستير دراسات إسلامية
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

Жамашев Азамат Шутбаевич
الأستاذ الدكتور في علوم الفلسفة
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

MORAL ISSUES BETWEEN JAHILIYYAT AND ISLAM IN THE WORKS OF IGNAZ GOLDZIER «MUHAMMEDANISCHE STUDIEN» (MUSLIM STUDIES)

Kassymkhanova Aigerim Bolatkhanzy
Master of Islamic Studies,
Egyptian University of Islamic Culture Nur-
Mubarak
Almaty, Kazakhstan

Zhamashev Azamat Shutbaevich
Doctor of Philosophy, Associate Professor
Egyptian University of Islamic Culture Nur-
Mubarak
Almaty, Kazakhstan

МОРАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МЕЖДУ ДЖАХИЛИЙЯТОМ И ИСЛАМОМ В РАБОТАХ ИГНАЦА ГОЛЬДЦИЕРА «MUHAMME- DANISCHE STUDIEN» (MUSLIM STUDIES)

Қасымханова Айгерім Болатқанқызы
Магистр исламоведения, Египетский
университет исламской культуры
Нур-Мубарак Алматы, Казахстан

Жамашев Азамат Шутбаевич
доктор философских наук, доцент
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Адамгершілік және дін – күніміздегі өзекті мәселелердің бірі. Шығыстанушы Игнац Гольдциер де бұл мәселені өзінің назарынан тыс қалдырмаған. «Muhammedanische studien» (Muslim studies) атты еңбегінің бірінші тарауындағы «Muruwwa and din» (адамгершілік және дін) деп аталатын шағын кіріспеді исламға дейінгі және ислам діні келген уақыттағы арабтардың адамгершілік өлшемін сипаттап, оның ислам дініне шақыра бастаған уақытта бұл шақыруды қабыл алуға қаншалықты жарамды екендігін сөз етеді. Батыс назарында теңдессіз ғалым саналатын И. Гольдциер мұсылман ғалымдары арасында ислам іліміндегі деректерге және тұлғаларға қатысты түрлі сын-пікірлер жазған ориенталист ретінде танымал. Бұл «Muruwwa and din» (адамгершілік және дін) атты тарауда да И. Гольдциердің аталмыш әдісін қолданғанын көруге болады. Бұл мақалада И. Гольдциердің исламға дейінгі және ислам діні келген уақыттағы арабтардың адамгершілік өлшеміне жасаған сипаттамаларына және кейбір деректерге қатысты сыни ойларына талдау жасалып, жауап беріледі.

Түйін сөздер: Игнац Гольдциер, Muslim studies, мораль, адамгершілік, дін, араб, жаһилиет.

المخلص: الأخلاق والدين من أكثر القضايا إلحاحًا في عصرنا الحالي. ولم يترك المستشرق إيجناتس جولدتسيهر هذه المسألة دون أن يتطرق إليها. ففي مقدمة قصيرة للفصل الأول من كتابه “Muhammedanische studien” (الدراسات الإسلامية) بعنوان “المروءة والدين”، يناقش المعايير الأخلاقية عند العرب قبل الإسلام وعند ظهور الإسلام، ومدى استعداد هذه المعايير لقبول هذه الدعوة عند بدء الدعوة إلى الإسلام. وجولدتسيهر هو أحد العلماء البارزين في الغرب، وهو معروف بين علماء المسلمين بأنه مستشرق كتب مقالات نقدية مختلفة عن التعاليم والشخصيات الإسلامية. وفي هذا الفصل الذي يحمل عنوان “المروءة والدين”، يتبين لنا أن إيجناتس جولدتسيهر استخدم منهج نقديًا غير منصف. ويحلل هذا البحث وصف إيجناتس جولدتسيهر للمعايير الأخلاقية عند العرب قبل ظهور الإسلام وبعده، ويرد على بعض المعلومات والانتقادات من جهته.

الكلمات المفتاحية: إيجناتس جولدتسيهر، الدراسات الإسلامية، الأخلاق، الدين، العرب، الجاهلية.

Abstract. Morality and religion is one of the most pressing issues of our time. The orientalist Ignaz Goldziher has not left this question unattended either. In a short preface to the first chapter of his work «Muhammedanische studien» (Muslim Studies), entitled «Muruwwa and din» (morality and religion), he discusses the moral standards of the Arabs before Islam and during the advent of Islam, and the willingness of these standards to accept this invitation when the call to Islam begins. I. Goldziher, a consummate scholar in the West, is known among Muslim scholars as an Orientalist who has written various critical articles on Islamic teachings and personalities. In this chapter titled «Muruwwa and din» (morality and religion), it is seen that I. Goldziher used the mentioned method. This paper analyses I. Goldziher’s description of the moral standards of the Arabs before and after the advent of Islam and responds to some of the information and criticisms against him.

Keywords: Ignaz Goldziher, Muslim studies, morals, morality, religion, arabs, jahiliyyat.

Аннотация. Мораль и религия – один из самых актуальных вопросов современности. Востоковед Игнац Гольдциер также не оставил этот вопрос без внимания. В небольшом предисловии к первой главе своего труда «Muhammedanische studien» (Мусульманские исследования), озаглавленной «Muruwwa and din» (мораль и религия), он рассказывает о моральных нормах арабов до ислама и во время прихода ислама, и готовность этих норм принять это приглашение, когда начинается призыв к исламу. И. Гольдциер, непревзой-

денный ученый на Западе, среди мусульманских ученых известен как востоковед, написавший различные критические статьи об исламских учениях и личностях. В этой главе под названием «Muruwwa and din» (мораль и религия) видно, что И. Гольдциер использовал упомянутый метод. В данной статье анализируется описание И. Гольдциером моральных норм арабов до и после прихода ислама и дается ответ на некоторые сведения и критические замечания в его адрес.

Ключевые слова: Игнац Гольдциер, Muslim studies, мораль, нравственность, религия, арабы, джахилият.

КІРІСПЕ

Өткен ғасырларда ислам діні шартарапқа тарай бастауы христиан әлемінде үлкен алаңдаушылық туғызды. Бұл алаңдаушылық 200 жылға созылған Крест жорықтарына алып келді. Нәтижелі болмаған бұл жорықтардан кейін мұсылмандардың дінін, тілін, тарихын, білімі мен ғылымын, мәдениетін, әдет-ғұрпын танып білу үшін арнайы адамдар – шығыстанушылар даярланды. Шығыстанушылар деп сол кезеңдерде батыстықтар ғана айтылса, күнімізде шығыстың өзінен шыққан зерттеушілерге де қолданылады. Сол себепті «ориенталистер» деп атағанды жөн көрдік. Ориенталистер араб тілін үйрену арқылы мұсылмандардың ғылымы мен мәдениетін игеріп, өз мемлекеттерінде жая бастады. Білім ордаларында араб тілін оқыту өріс алды. Алайда бұл ориенталистердің барлығының мақсаты тек тіл мен білім, тарих пен мәдениет үйрену ғана болмады. Олардың келесі бір тобы мұсылман елдерін отарлау мақсатында саяси қызмет атқарса, енді бірі мұсылмандардың діни іліміне күдік-күмән салуға тырысып бақты. Аз да болса келесі бір тобы ақиқатқа көзін жеткізіп, ислам дінін қабылдады. Алайда соңғы топ өз қоғамында сатқын саналып, рухани немесе материалды тұрғыда қуғындауға ұшырады. Бұл ориенталистердің қатарында ориентализмнің алғашқы ғалымдарының бірі, өз ортасында танымал, ал еңбектері соңынан ерген өзге ориен-

талистерге ең басты дереккөз саналатын венгриялық йаһуди ориенталист – Игнац Гольдциер. Гольдциер араб тілін меңгергеннен кейін ислам ілімінің әр саласында, атап айтқанда, араб тілі, Құран, ақида, тәпсір, хадис, сопылық және т.б. салаларында еңбектер жазып қалдырды. Алғашқы уақытта оның еңбектері мұсылман ғалымдары тарапынан зор қошеметпен қабылданса да, көп өтпей оның еңбектерінің ішіндегі бұрмаланған деректер мен күдік-күмән барлығына мәлім болды. Оның өмір жолы, білімі мен қызметі, еңбектері жөнінде көптеген зерттеу жасалған. Алайда бұл зерттеулердің басым бөлігі шетелдік ғалымдардың үлесіне тиесілі. Гольдциердің ақидаға қатысты ұстанымдары мен тұжырымдарын Мұхаммед әл-Ғаззали (دفاع عن العقيدة و الشريعة) / Дифағ ған әл-ғақида уә әш-шәриға) зерттеген, сондай-ақ Хамза ибн Абдулмутталиб магистрлік диссертация (موقف جولد تسيهر من العقيدة و الفرق و الدعوات الإصلاحية) / Мауқиғ Жулд Тсейһр мин әл-ғақида уә әл-фирақ уә әд-дағауат әл-ислахия) қорғаған. Құран, тәпсір және қырағаттарға қатысты тұжырымдарына Мұхаммед Хасан Хасан Жәбәл (الرد على المستشرق اليهودي جولدتسيهر في مطالعته على الفراءات القرآنية) / әр-Рад ғәлә әл-мустаһрик әл-яхуди Жулд Тсейһр фи матағиниһи ғәлә әл-қираәт әл-қурания), Абдулхалим ән-Нәжжар (تعليقات تعد من أحسن الردود على مطاعن جولدتسيهر) / Тағлиқат тәғуд мин әхсәни әр-рудуд ғәлә матағини Жулд Тсейһр), Ибраһим

Абдурахман Халифа (دراسات في مناهج / Дирасат фи мәнәһиж әл-муфәс-сирин) сынды ғалымдар зерттеу жасап, күдік-күмән келтірген мәліметтеріне жауап жазған. Ал хадиске қатысты ұстанымдары мен тұжырымдарын Мұстафа әс-Сиағи (السنة و مكانتها في التشريع الإسلامي) / әс-Суннә уә мәкәнәтуһә фи әт-тәшриғ әл-Исләми), Фатма Кызыл (In Pursuit of a Common Paradigm: Islamic and Western Ḥadīṭ Studies; Hukukî içerikli merfû hadisler bağlamında müsterek râvî teorisi ve tenkidî;), Хусейн Акгюн (Goldziher ve Hadis) сынды ғалымдар зерттеген. Сонымен қатар Tamás Turán (Ignaz Goldziher as a jewish orientalist traditional learning, critical scholarship, and personal piety), Alam Khan (Distortion of facts and history in «Muslim studies» by Ignaz Goldziher chapter II as a model), Talal Maloush (early hadith literature and the theory of Ignaz Goldziher) сынды ғалымдар да Гольдциердің өмірі мен ғылыми тұжырымдарын зерттеген. Отандық зерттеушілерден Ернар Есімқұлов «Құран және ориенталистер» кітабында Гольдциердің де Құран қырағаттарына қатысты ұстанымын атап өтеді. Шәмшат Әділбаева мен Меруерт Тұяқова «Батыс ориенталисі Игнац Гольдциердің хадис және сүннетке қатысты ұстанымдары» атты мақалада Гольдциердің хадиске қатысты ұстанымдарын және осы ұстанымын жалғастырған шәкірттері жөнінде зерттеу жасады. Ал біз осы мақаламызда Гольдциердің «Muslim studies» (Muhammedanische studien) атты кітабындағы «Muruwwa and dīn» (адамгершілік пен дін) тақырыбын зерттейтін боламыз.

Зерттеу әдістері

Мақалада көтерілген мәселеге қатысты Игнац Гольдциердің ағылшын тіліне аударылған «Muslim studies» (Muham-

medanische studien) кітабының «Muruwwa and dīn» (адамгершілік пен дін) тақырыбы қарастырылып, исламтанулық сыни талдау жасалды. Гольдциердің өз тұжырымдарын қуаттау үшін қолданған дәлелдерін зерделеп, дереккөздерге жүгіну арқылы салыстырмалы талдау жасап, толыққанды нұсқасы келтірілді. Сондай-ақ теориялық, биографиялық, тарихи-әлеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық әдістер негізге алынды.

Талдау мен нәтижелер

Игнац Гольдциер «Muslim studies» (Muhammedanische studien) еңбегінің бірінші томын «Muruwwa and dīn» (адамгершілік пен дін) тақырыбынан бастайды.

Арабтардың діни жағдайын олардың ескі поэзияларына және оған кей тұсы қайшы келетін өзге ұлттардың хабарларына қарап жалпы үкім шығаруға болмайды деп есептеген Гольдциер араб тайпалары мен қауымдарының діні географиялық орнала-суға байланысты әртүрлі болған деп санайды. Бұл жерде олардың өркениетке жақын орналасуы мен алыстығы да олардың дін туралы түсініктеріне әсері болған деп қарастырады (Goldziher, 1890: 11). Оңтүстіктегі арабтардың кейбір өркениетті тайпаларының солтүстіктегі арабтарға қарағанда діни санасы басым болған деп санайды. Оңтүстіктегі арабтардың ескерткіштері олардың Құдайға деген шүкірліктері мен бойсұнулары болғандығына меңзейді (Goldziher, 1890: 13). Гольдциер өзінің назарын басқаларымен салыстырғанда дамыған өзіндік өркениеті болған солтүстіктегі араб мемлекеттеріне немесе көне дәстүрлерді ұстанған Оңтүстік Арабиядан гөрі көне Арабияны ақындарымен байытқан Орталық Арабия тайпаларына көбірек бұрады (Goldziher, 1890: 11).

Орталықта орналасқан арабтардың өздерінің ержүректігі мен өзге бауырларының батылдығын мақтан тұтқанын және аз ғана бөлігін қоспағанда басым бөлігі жоғары күшке алғыс айтуды қаперіне алмаған. Оларды діни санаға тек тайпалық құрылыс мәселелері ғана итермелеген. Ақыр соңында ата-баба культтеріне ұласқан (Goldziher, 1890: 13). Гольдциер назарын, әсіресе орталықта орналасқан арабтарға бұрды десек те, ол оңтүстікте және солтүстікте орналасқан арабтарды да назарынан тастамай орталықтағы арабтарды олармен салыстырады.

Гольдциер осындай қысқа сипаттама-ларынан кейін Ясрибте (Медине) оңтүстіктен келген байырғы иммигрант тайпаларының орналасуы діни ойларға қол жетімді көңіл күй тудырды, ал бұл Мұхаммедтің жетістігіне үлкен көмек болды деп тұжырымдайды. Мұхаммед олардың қалыптасып қалған көзқарасы, идеалы және ата-баба дәстүріне қарама-қарсы нәрселерді ұсынды. Осы жерде ол үлкен қарсылыққа тап болды. Мүшріктер өздерінің пұттарын қиратуға ғана емес, өздері қабылдауға тиіс болған бүкіл ғұмыры Құдай мен Оның құдіретіне ой жүгіртумен, намаз оқып, ораза ұстап, нәпсіге жағымды нәрселерден бас тартып, ақша және мал-дүниені Құдайдың разылығы үшін берілетін игілікті істерге жұмсауға итермелейтін пиетистикалық көңіл күйге де қарсы тұрды. Сондай-ақ осы күнге дейін кісілік, адамгершілік деп санап келген ісін ендігі жерде айуандық пен мәдениетсіздік деп танып, ал өздерінің көшбасшылары ретінде ата-баларының даңқына негіз болған сипаттарға қайшы сипаттағы адамды (Мұхаммедті (с.а.с.) мойындауы тиіс болды (Goldziher, 1890: 13-14).

Гольдциер Мұхаммедтің айтқандарының мазмұны мен бағытына назар

аудармай-ақ тек беделді және ықпалды тұлғаларды ғана місе тұтатын қоғам үшін олардың арасында болмашы ғана беделі бар «құдайдың елшісінің» пайғамбарлық бейнесі адамдарға айтарлықтай әсер етпеді деп санайды (Goldziher, 1890: 14).

Алайда сияр және тарих кітаптарынан бізге жеткен деректер бойынша Мұхаммед пайғамбар(с.а.с.) өзіне пайғамбарлық міндет жүктелгенге дейін сол қоғамда «әл-Әмин» (сенімді, шыншыл, аманатшыл) деп танылды. Тіпті мүшріктер үшін қасиетті деп саналған қағбаның қара тасын қоюға қатысты мәселеде де мүшріктер әлі пайғамбарлық міндет жүктелмеген Мұхаммедтің(с.а.с.) төрелігіне жүгінеді. Ибн Хишамның «әс-Сира ән-нәбәуия» кітабында бұған қатысты: «Әбу Умәйә ибн әл-Муғира ибн Абдулла ибн Амр ибн Махзум сол жылы құрайыштықтардың арасындағы жасы ең үлкені болатын. Сол уақытта ол: «Уа, құрайыштықтар! Өзара таласқа түскен мәселенің шешімін осы мешітке алғаш кірген адамның төрелігіне беріңдер!» – деді. Сол уақытта мешітке ең алғаш болып кірген Алла елшісі (с.а.с.) болатын. Олар оны көре салып: «Бұл әл-Әмин (сенімді, аманатшыл) ғой! Біз оның төрелігіне разымыз. Бұл Мұхаммед қой!» – деп жатты. Алла елшісі (с.а.с.) олардың жанына таяған уақытта олар оған мәселенің мән-жайын жеткізді. Алла елшісі (с.а.с.) «Маған шапан әкеліндер», – деді. Оған шапан берілгенде қағбаның қара тасы орналасқан рүкінін өз қолымен шапанның үстіне қойды да: «Әрбір тайпа осы шапанның шетінен ұстап көтерсін!» – деді. Осылайша, қойылатын орнына жеткенге дейін барлығы бір уақытта көтеріп апарды. Межелі орынға жеткен кезде Алла елшісі (с.а.с.) оны орнына өз қолымен орналастырып, қағбаның құрылысы одан жалғасын тапты» (Ибн

Һишам, 1990: 223-224), – делінеді. Бұл деректен көретініміз пайғамбарлық міндет жүктелгенге дейін де оның сол қоғамның арасындағы беделінің болғанын көреміз. Пұтқа табынатын қоғам үшін де маңызды болған Қағбаға қатысты мәселені Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) төрелігіне берулері мұны айғақтайды. Сонымен қатар араб тіліндегі «әл-Әмин» сөзі сенімді, шыншыл, аманатшыл деген ұғымдарды береді. Пұтқа табынушы, материалдық құндылықтарды, тайпалар үстемдігін басты назарға алған қоғам болса да мұндай түсініктер оларға мүлде жат болмады.

Өзіне берілген уахи бойынша діннің негіздерін жария ету үшін Сафа төбесіне шыққан уақытта: «Егер мен мына таудың артында жаудың қолы сендерді шабуға келе жатыр десем, маған сенесіңдер ме?» – дегенде олар: «Иә, сенеміз. Біз сенің тек шыншылдығыңа ғана куә болдық», – деген болатын (Ахмад, 1994: 285, 388; Әбу Абдуллахман, 2001: 227; Ahmad ibn Hanbal, 2015: 17; әш-Шәфиғи, 1996: 502). Басқа риуаятта: «Біз сенің өтірік айтқаныңды көрген емеспіз», – деп жауап береді (ibn Ukasha, 2004: 239-240). Бұл дерек те ол сол қоғамның шыншылдық пен жалғандықты айыра білгендігін көрсетеді.

Ал пайғамбарлық жүктелгеннен кейін онымен жауласса да өздерінің мал-мүліктерін оған аманат ретінде қалдыратын болған. Пайғамбар (с.а.с.) Меккеден Мәди-наға хижрет еткен кезде осы аманаттарды иелеріне тапсыру үшін сахаба Әлиді (р.а.) өзінің орнына қалдырады (Абдулқадир Ата, 2002: 472; әш-Шағрауи, 1991: 3704). Жоғарыдағы деректердің барлығы Гольдциердің Мұхаммедтің (с.а.с.) ешбір беделі болмады деген пікіріне қайшы.

Гольдциер Мұхаммедтің трансцендентті мәлімдемелері кейбір иман етпеген

тұрғындарға әсер етсе де, шөл даладағы арабтарға ешқандай әсер қалдырмады. Тайпаластарының алдында мақтан етуге тұратындай оның қолында еш нәрсе жоқ болғандықтан, олар «Құдайдың елшісі» концепциясын түсінбеді дейді (Goldziher, 1890: 14). Гольдциер Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) трансцендентті мәлімдемелері десе де, пайғамбар (с.а.с.) Раббысы тарапынан міндеттелген тәнмен де, жүреппен де жасалатын амалдардың барлығын жүзеге асырғанына, болашақта мұсылмандардың иелігіне қарайды деген мемлекеттер (Парсы, Византия және т.б.) мен территориялардың барлығы өзі дүниеден өтсе де сахабалар мен табиғиндердің кезінде хақиқатқа айналғанына тап-та, адамзат та куә.

Гольдциер шөлдегі арабтарды пайғамбардан мағыналық, рухани құндылықтардан гөрі, көзбен көріп, қолмен ұсталынатын материалдық құндылықтарды күтіп, одан мұғжиза ретінде де осыны талап еткен. Сондай-ақ өздерінің ата-тектерімен мақтанған деп суреттейді (Goldziher, 1890: 14-15).

Гольдциер Мұхаммед өзінің уахилерінде шөл даланың тұрғындарын (бәдәуилерді) иманға шақырудың қиындығын айтып шағымданады деп Құран аяттарын келтіреді:

«The Arabs, the dwellers in the desert, are stronger in their disbelief and hypocrisy (than the city Arabs) and they are much more prone to not knowing the boundaries (laws) which God has revealed to His prophet. Amongst these Arabs there are some who consider what they have to spend (for religious purposes) as a compulsory loan and who are awaiting a change of circumstances» (Goldziher, 1890: 15) (Аудармасы: Шөлде тұратын арабтар күпірлік пен екіжүзділікте (қалалық арабтарға қарағанда) күштірек және Алланың пай-

ғамбарына түсірген шекараларын (занда-рын) білмеуге әлдеқайда бейім. Бұл ара-бтардың арасында (діни мақсаттарға) жұмсайтын нәрселерін міндетті қарыз деп санайтын және жағдайдың өзгеруін күтетіндер бар).

«Тәубе» сүресіндегі 97-98 аяттардың түпнұсқасының аудармасы: Бәдәуилер (яғни көшпенді сахара халқы надандығынан, тиісті тәлім-тәрбие алмағандығынан) күпірлікте және екіжүзділікте өзгелерден асып түседі. Сондай-ақ Алланың пайғамбарына түсірген үкімдерінің шегін (жөн-жобасын) білмеуді ең көп солардан күтуге болады. Алла – Алим (барлық нәрсені, құлдарының барлық жай-күйін жақсы білетін шексіз ілім иесі) һәм Хаким (әр ісі мен әрбір үкімінде талай хикмет болған асқан даналық иесі). Бәдәуилердің кейбірі (садақа, зекет немесе жорық үшін жиналған жылу сынды шарифат талабы бойынша) Алла жолында жұмсаған мал-пұлын өздерінен алынған алым-салыққа балайды және содан құтылу үшін бастарыңа бәле жауып, екіталай күннің туғанын күтеді. Күткен бәлелері өз бастарына келсін! Алла – Сәмиғ (бәрін естуші), Алим (құлдарының жай-күйін, іштей не тілейтінін толық білетін шексіз ілім иесі) (Quran Karim, 2021: 202).

Гольдциер бұдан әрі: «Дегенмен ол бәдәуилердің арасында бұдан басқалары да бар деп Мұхаммед келесі жолда (verse) былай дейді», – деп тағы да Құран аятын келтіреді: «Bedouins who willingly spend money for Muhammed's venture and who see in this a means of getting closer to God; but these are a very small minority. Amongst the believers, too, there are some who outwardly confess their belief but have no inclination in their heart towards Islamic morals and dogma» (Goldziher, 1890: 15). (Аудармасы: Мұхаммедтің ісі үшін ақша

жұмсайтын және мұны Аллаға жақындаудың бір құралы деп санайтын бәдәуилер; бірақ бұл өте аз азшылық. Сондай-ақ мүміндер арасында өз сенімін сырттай мойындайтын, бірақ жүрегінде исламдық ахлақ пен догмаға бейімділігі жоқ адамдар да бар).

Аяттың түпнұсқасы:

وَمِنَ الْأَعْرَابِ مَنْ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَيَتَّخِذُ مَا يُنْفِقُ قُرْبَاتٍ عِنْدَ اللَّهِ وَصَلَوَاتِ الرَّسُولِ أَلَا إِنَّهَا قُرْبَةٌ لَهُمْ سِذِّجَلَهُمُ اللَّهُ فِي رَحْمَتِهِ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ

Ал енді бір бәдәуилер Аллаға және ақирет күніне кәміл сенеді. Алла жолында бергенін Аллаға жақын болудың әрі Алла елшісінің батасын алудың дәнекері санайды. Шынында, Алла жолында бергені олар үшін Аллаға жақындықтың бірден-бір дәнекері саналады. Алла оларды ерекше рақымына бөлеп, жаннатына кіргізеді. Шүбәсіз, Алла – Ғафур (құлдары қанша жерден ауыр күнәға батса да, тәубелеріне келген жағдайда өте кешірімді), Рахим (әсіресе мүмін құлдарына ерекше мейірімді) (Quran Karim, 2021: 202).

Гольдциердің: «...Мұхаммед өзінің уахилерінде бәдәуилерді иманға шақырудың қиындығын айтып шағымданады», – деген сөзіне қарағанда ол Құранды Құдайдың сөзі емес, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өзінің сөзі деп көретіндей. Сондай-ақ екінші мәрте келтірген аятының түпнұсқасында, Гольдциер айтқандай, «Мұхаммед» сөзі жоқ. Аятта тек қана «Аллаға жақындаудың құралы» деп қана емес, «Алла елшісінің батасын, дұғасын алу» тіркесі де қатар келген (وَيَتَّخِذُ مَا يُنْفِقُ قُرْبَاتٍ عِنْدَ اللَّهِ وَصَلَوَاتِ الرَّسُولِ). Гольдциер мұны алып тастаған. Осыған орай, Гольдциер Мұхаммедті (с.а.с.) пайғамбар деп, ал Құранды Алланың сөзі деп есептемеген деген ой туындайды. Сонымен бірге аяттарды бөлшектеп, орындарын ауыстырғанын да, қиып тастағанын да аңғаруға болады.

Гольдциер бедуиндердің пайғамбармен қарым-қатынасында дәрежелілігі мен құрметсіздігі үшін айыпталғандығын, жаңадан исламды қабылдаған олардың Мұхаммедтің жанында қалғысы келмегенін айтады. Мұның себебі ретінде оларға қалалық емес, далалық өмірдің ұнағандығы деп санайды және пайғамбар оларды өзін құрметтеу антынан босатпайтындығын білгеннен кейін шөл далаға қайтып оралды деп пікірлейді. Өздерінің бәдәуилік қасиетінен олардың айырылмағандығын көрсету үшін И. Гольдциер кітабында келесі оқиғаны келтіреді: «Укл мен Урайна тайпаларының адамдары пайғамбармен біраз уақыт бірге тұрғаннан кейін оған: «Біз түйелеріміздің желініне үйренген адамбыз, біз қоғамдық өмірге дағдыланған адам емеспіз, Мәдина біз үшін тұруға ыңғайлы емес, ондағы өмір бізге арналмаған», – дейді. Пайғамбар оларға отар мен бақташы беріп, олардың үйреншікті өміріне қайта оралуы үшін Мәдинадан кетуге рұқсат береді. Олар Харра жеріне жете салып, өздерінің байырғы дінсіздігіне түсіп, бақташыны өлтіріп, жануарларды өздерімен бірге айдап әкетеді. Кейін олар пайғамбардың ауыр жазасына ұшырайды» (Goldziher, 1890: 16).

Бұл оқиғаның толық нұсқасына назар салатын болсақ, Гольдциердің айтқанындай олар Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) оларды өзін құрметтеу антынан босатпағандығы себепті Мәдинадан кетуге рұқсат сұрағандығы айтылмайды. Оқиғаның мән-жайын анықтау үшін имам әл-Бұхаридің «Сахихінде» келген барлық риуаятты жинақтадық. Укл мен Урайна хадисі «Уду» тарауының «أَبُو الْإِبِلِ وَالِدُوَابِ» «وَالْغَنَمِ وَمَرَابِضِهَا» (Әбуәл әл-ибил уә әд-дәуәб уә әл-ғанам уә марабидиһә) бабында (әл-Бұхари, 2002: 67-68), «Зекет» тарауының «اسْتِعْمَالُ إِبِلِ الصَّدَقَةِ وَالْإِبِلَانِهَا لِأَنْبَاءِ السَّبِيلِ»

(Истиғмәл ибил әс-садақа уә әлбәнһиә лиәбнә-и әс-сәбил) бабында (әл-Бұхари, 2002: 366), «Жиһад уә сәйр» тарауының «هَلْ لِلأَسِيرِ أَنْ يَقْتَلَ وَيَخْدَعَ الَّذِينَ أَسْرَوْهُ حَتَّى يَنْجُو مِنْ هَلِّ الْأَسِيرِ أَنْ يَقْتَلَ وَيَخْدَعَهُ فِيهِ الْمُسْتَوْرُ، عَنْ النَّبِيِّ ﷺ» (Һәл ли әл-әсири ән йақтулә уә йахдаға әлләзинә әсәрүуһу хәттә йәнжу мин әл-кәфәра. Фиһи әл-Мисуәр гән ән-Нәби (с.а.с.)), «إِنَّا خَرَقْنَا الْمُشْرِكَ» (Изә харрақа әл-мушрику әл-муслимә һәл йухаррак) баптарында (әл-Бұхари, 2002: 748), «Мағазии» тарауының «قِسْصَةُ عُكْلٍ وَغَزَيْنَةٍ» (Қисса Укл уә Урайна) бабында (әл-Бұхари, 2002: 1029), «Тәпсірі» тарауының «إنما جزاء الذين يحاربون الله ورسوله ويسعون في الأرض فسادا أن يقتلوا أو يصلبوا - إلى قوله - أو ينفوا من الأرض» الآية. المحاربة لله: «الكفر به» (Иннәмә жәзә-у әлләзинә йухарибунә Аллаһа уә расуләһу уә йәсғәунә фи әл-арди фәсәдән ән йукәттәлу әу йусалләбу илә қаулиһи әу йунфәу мин әл-ард. әл-Әйә. әл-Мухарабатү лилләһ: әл-куфр биһ) бабында (әл-Бұхари, 2002: 1134), «Тыйб» тарауының «النَّوَاء بِأَبْوَالِ الْإِبِلِ» (әд-Дәуә биәбуәл әл-ибил), «النَّوَاء بِالْبَابِ الْإِبِلِ» (әд-Дәуә биәлбән әл-ибил), «مَنْ خَرَجَ مِنْ أَرْضٍ لَا»، «تَلَايْمُهُ» (Мән хаража мин ард лә түләимүһу) баптарында (әл-Бұхари, 2002: 1442; 1442-1443, 1450), «Худуд» тарауының «الْمُحَارِبِينَ» (Аһл әл-күфр вә р-рэдә вә қол әл-ләһ тағали: «إِنَّمَا جَزَاءُ الَّذِينَ يُحَارِبُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَسْعَوْنَ فِي الْأَرْضِ فَسَادًا أَنْ يُقَتَّلُوا أَوْ يُصَلَّبُوا أَوْ تُنَطَّقَ أَئْيِيهِمْ وَأَرْجُلُهُمْ مِنْ خِلَافٍ أَوْ يُنْفَوْا مِنَ الْأَرْضِ» (әл-Мухарибинә мин әһл әл-куфр уә әр-риддә уә қаулилләһи Тағалә: Иннәмә жәзә-у әлләзинә йухарибунә Аллаһа уә расуләһу уә йәсғәунә фи әл-арди фәсәдән ән йукәттәлу әу йусалләбу әу туқаттаға әйдиһим уә аржулуһум мин хилаф әу йунфәу мин әл-ард), «لَمْ يَخْسِمِ النَّبِيُّ» (Ләм йәхсим ән-нәби (с.а.с.) әл-мухарибинә мин әһл әр-риддә хәттә һәләку), «لَمْ يُسْقِ الْمُرْتُدُّونَ» (Ләм йуска әл-муртәд-дунә әл-мухарибунә хәттә мәту), «سَمَرَ النَّبِيِّ» (Сәмр ән-нәби (с.а.с.) әғй-

ун әл-мухарибин) баптарында (әл-Бұхари, 2002: 1682-1683), «Диат» тарауының «القسامة» (әл-Қасама) бабында (әл-Бұхари, 2002: 1706-1707) келген.

Олардың Гольдциер айтқандай: «Пайғамбарды құрметтей алмайтындықтан, екінші жағынан, қоғамдық өмірді жатсынғандықтан ғана оны тастап кетуді қалады ма, әлде басқа себептері де бар ма?» Осы сұрақтың жауабын табу үшін Укл мен Урайнаға қатысты риуаяттарды бір жерге топтастырып, оқиғаның желісін бір жерге жинақтауды жөн көрдік.

Әбу Қилабаның Әнастан (р.а.) жеткен риуаятында Укл немесе Урайнадан (әл-Бұхари, 2002: 67-68, 1450), басқа риуаятта Урайнадан (әл-Бұхари, 2002: 366), басқа риуаятта Укл тайпасынан сегіз адам (әл-Бұхари, 2002: 748, 1706-1707), басқа риуаятта Уклден адамдар (әл-Бұхари, 2002: 1682), басқа риуаятта «Уклден немесе Урайнадан деді ме білмеймін» (әл-Бұхари, 2002: 1683) деп келген. Абдулазиз ибн Суһайб Әнәстан жеткізгені бойынша олар Урайнадан, ал Әбу Қилабаның Әнастан жеткізгені бойынша олар Уклден келген (әл-Бұхари, 2002: 1029). Олар ислам дінін қабылдап, мұсылман болды. Кейін өздерінің қой мен түйе баққандығын, егіншілікпен айналысып, қаланың өміріне бейімделмегендігін айтты (әл-Бұхари, 2002: 1029). Олар Мәдинаны жерсінбей жатсынып (әл-Бұхари, 2002: 67-68; 366), оларға жер жақпай (әл-Бұхари, 2002: 1134), ауруға шалдықты (әл-Бұхари, 2002: 1442). Олар пайғамбардан (с.а.с.) түйенің сүтін беруін сұрайды (әл-Бұхари, 2002: 748). Пайғамбар (с.а.с.) оларға сауын түйенің беріліп, оның зәрі мен сүтінен ішуді бұйырды (әл-Бұхари, 2002: 67-68). Басқа риуаятта осы мақсатта зекеттің/садақаның түйелерінен бергізеді (әл-Бұхари, 2002: 366). Пайғамбар (с.а.с.)

оларға келе (түйенің тобы) мен бақташы берілуін және оларға Мәдинадан шығып, келедегі түйенің сүті мен зәрін ішуді әмір етті (әл-Бұхари, 2002: 1029). Олар (түйе мен бақташының соңынан) жөнеліп, сауығып, салмақ қосқанға дейін (келедегі) түйенің зәрі мен сүтін ішті (әл-Бұхари, 2002: 748). Олар Харра тарапына жеткенге дейін жүріп отырды. Олар исламды қабылдағаннан кейін күпірлікке түсіп, пайғамбардың (с.а.с.) бақташысын өлтіріп (әл-Бұхари, 2002: 1029), түйелерді айдап әкетеді (әл-Бұхари, 2002: 366, 748, 1134, 1442, 1442-1443, 1450, 1682-1683, 1706-1707). Бұл туралы хабар күндіздің алғашқы бөлігінде келіп жетеді (әл-Бұхари, 2002: 67-68, 1683). Пайғамбар (с.а.с.) олардың соңынан адамдар жіберіп (әл-Бұхари, 2002: 1682), күн көтерілгенге дейін оларды ұстап алып келді (әл-Бұхари, 2002: 1683). Пайғамбар (с.а.с.) олардың қолы мен аяғын кесіп, көзін шығарып, Харра жеріне тастауын әмір етті (әл-Бұхари, 2002: 67-68). Олардың кеудесінен жаны шыққанға дейін қандарын да тоқтатпады (әл-Бұхари, 2002: 1682), су сұрағанда оларға су берілмеді (әл-Бұхари, 2002: 748). Хадисті жеткізушілердің бірі Әбу Қилаба: «Ол қауым ұрлық жасап, (жазықсыз) адамды өлтірді, иман келтіргеннен кейін қайта күпірлікке түсіп, Алла мен Оның елшісіне (с.а.с.) қарсы соғыс ашты», – деді (әл-Бұхари, 2002: 1683).

Оқиғаның толық нұсқасына қарасақ, пайғамбарды (с.а.с.) құрметтеу анты туралы еш сөз жоқ. Жинақталған риуаяттарда олардың пайғамбарға (с.а.с.) өз еріктерімен келіп, ислам дінін қабылдап, мұсылман болғандығы, шөлде түйе бағып үйренгендіктен отырықшы өмірге үйренісе алмағандығы айтылады. Мәдина жерін жатсынып, ауруға шалдықты. Пайғамбар (с.а.с.) оларға сұрауы бойынша түйе беріп, оның сүті мен зәрін ішіп,

шипа табуын бұйырды. Олар дертінен айығып, жағдайы түзелген соң бақташыны өлтіріп, түйелерді айдап әкетеді. Пайғамбарға (с.а.с.) бұл хабар жете салысымен, соңынан із кесушілерді жіберді. Ұстап әкелінген соң, иман келтіргеннен соң күпірлікке түскендіктері үшін арсыздыққа барып, жазықсыз адамды өлтіріп, түйелерді ұрлап, азғындыққа басқан қылмыстарына сәйкес ауыр жазаға ұшырады.

Гольдциер бір риуаяттағы «إِنَّا كُنَّا أَهْلَ دَارٍ» (Иннә куннә әһлә дарғ) тіркесін кітабының неміс тіліндегі түпнұсқасында «Wir sind Leute, die an die Eutern der Kameele gewöhnt sind» (Goldziher, 1889: 6) деп аударған, осыған сәйкес Гольдциердің кітабын ағылшын тіліне аударған Александр Шейбер де «We are people used to the udders of our camels» (Goldziher, 1890: 16) деп тікелей мағынасында аударған. Алайда араб тілін білген зерттеуші үшін «Біз түйелердің желініне үйренген адамдармыз» деп тікелей мағынасында аудару үлкен қате. Риуаяттағы «إِنَّا كُنَّا أَهْلَ دَارٍ، وَلَمْ نَكُنْ أَهْلَ رِيفٍ» (Иннә куннә әһлә дарғ, уә ләм нәкун әһлә риф) тіркесі олардың егіншілікпен айналысқан отырықшы емес, қой мен түйе баққан адамдар екенін білдіреді.

Сондай-ақ Гольдциер ислам діні шартарапқа жайылған уақытта «жаһилиет» дәуіріндегі қасиеттер мен ислам дінінің шақырған қасиеттері арасында күрес жүрді деп санайды: «Гольдциер арабтардың надандық кезеңдегі пұтқа табынушылық рухы мен тек қана арабтармен шектеліп қалмай, ислам дінін қабылдаған күллі елдегі исламның жаңа рухы арасындағы күресті сипаттайды. Оның суреттеуі бойынша: бірі өздерінің қанын өзге ұлттардан артық көрген рух болса, ал екіншісі ұлттар мен ұлыстар арасындағы теңдікке шақырып, демократияға ұмтылған, арабтың араб еместен

артықшылығы тек тақуалықта ғана деген рух болатын. Бұл күресте надандық дәуірдің аристократиялық рухы емес, исламның демократиялық рухы жеңіске жетті деп есептейді (әл-Бәдәуи, 1993: 200-201). Бұдан әрі араб рухы мен парсы рухының арасындағы күресті сипаттайды. Бұлардың алғашқысы өркениеттен алыс әскери рух болса, ал екіншісі өркениеті мен мәдениеті қалыптасқан, алайда жеңіліске ұшыраған рух болатын. Гольдциердің пікірі бойынша, бұл күресте де араб рухы жеңіліс тапты. Себебі ол оның қуаты тек қана тіл, өлең (шиғр) мен белгілі бір дәрежеде құқық (фикһ) саласында ғана болды деп санайды (әл-Бәдәуи, 1993: 200-201).

Гольдциер бірінші салыстырмасында «жаһилиет» (араб) рухы мен ислам рухы деп салыстырғанмен де, екінші салыстырмасында парсы рухын ислам рухымен салыстырды. Ал парсылармен соғыс кезінде арабтар ислам дінін қабылдап қойған болатын. Бұл салыстырмасы дұрысында парсы рухы мен араб рухы емес, парсы рухы мен ислам рухы болуы керек еді. Осыған сәйкес өркениеті мен мәдениеті қалыптасқан, алайда жеңіліске ұшыраған рух және ұлттар мен ұлыстар арасындағы теңдікке шақырып, демократияға ұмтылған, арабтың араб еместен артықшылығы тек тақуалықта ғана деген рухтың күресі деуі керек болатын.

Қорытынды

Осы мақаламызда Гольдциердің өзінің кітабындағы кіріспесінде арабтардың исламға дейінгі кезең мен ислам келген уақыттағы адамгершілік пен дін жайындағы көзқарасы туралы пайымдауларына шағын зерттеу жасадық. Бұл шағын зерттеудің нәтижесінде Гольдциердің дөп басып айтқанымен қатар, қателескен тұсы да бар екенін аңғардық. Атап

айтқанда, толыққанды мәліметтер келтірмеу, мәліметтерді қиып тастау, тікелей мағынамен аудару, мәліметтерді өзінің ұстанымдарына сәйкестіре отырып беру тәрізді тұсы анықталды. Бұл туралы кітабының кіріспесінде жазғандықтан,

мәліметтерді қысқа түрде келтірді деу қателікке толыққанды ақтау бола алмайды. Себебі бір көзқарасты қысқаша келтіргені тәрізді, оның қарсысындағы екінші көзқарасты да ықшамдап енгізіп, кейін сілтемесін қалдыруға болады.

Әдебиеттер

1. Goldziher I. Muslim studies. Edited by S.M. Stern. Translated from the German by C.R. Barbar and S.M. Stern. Aldine publishing company Chicago. State university of New York press Albany. George Allen & Unwin Ltd, London. Library of Congress Catalog Card Number 67-20745. Translated from the German. Muhammedanische Studien. (Published by Max Niemeyer, Halle, 1889-1890). – Volume one. – 255.
2. Ибн Хишам. *Әс-Сира ән-набәуия*. – Бейрут: Дәр әл-китәб әл-араби, 1410. – 3-б.; (1990). 1-т. – 440.
3. Әбу Жағфар Ахмад ибн Мұхаммед ибн Сәләмә ибн Абдулмәлік ибн Сәләмә әл-Өзди әл-Хажари әл-Мысри әт-Тахауи әл-Ханафи. *Шарх мағани әл-әәсәр*. – Бейрут: Аләм әл-кутуб, 1414. – 1-б.; (1994). 3-т. – 335 б.; 1414. – 1-б.; (1994). 4-т. – 414.
4. Имам Әбу Абдурахман Ахмад ибн Шуғайб ән-Нәсәи. *Китәб әс-сунән әл-кубра*. – Бейрут: Мүәссәсә әр-рисәлә, 1421 (2001). – 1-б.; 10-т. – 456 б.
5. Муснәд әл-имам Ахмад ибн Ханбал. – Бейрут: *Мүәссәсә әр-рисәлә*, 2015. 5-т. – 496.
6. Шейх әл-имам султан әл-ғүләмә Ғиззуддин Абдулазиз ибн Абдуссәләм әс-Сәлими әл-Димашқи әш-Шәфиғи. *Тәфсир әл-Құран*. Сауд Арабиясы. әл-Әхса, 1996. 3-т. 588 б. – 502-б.
7. Әбу әл-Аббас Мұхаммед ибн Исхақ әс-Сақафи. *Хадис әс-сираж*. тах. Зәһир ибн Таһир әш-Шәхәми. тхк. Әбу Абдулла Хусейн ибн Укаша. – Каир: әл-Фаруқ әл-хадисия, 1425. – 1-б.; (2004). 3-т. – 429 б.
8. Әбу Бәкір Ахмад ибн әл-Хусейн ибн Али әл-Бәйһақи. тхк. Мұхаммед Абдулкадир Ата. *әс-Сунән әл-кубра*. – Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-илмия, 2002. 6-т. – 616 б.
9. *Тәфсир әш-Шағрауи*. – Каир: Дәр ахбар әл-йәум, 1991. – 3704-б.
10. *Құран Кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма* / Ауд.: А. Әкімханов, Н. Анарбаев. – Алматы: Дәуір, 2021. – 624 б.
11. Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмаил әл-Бұхари. Сахих әл-Бұхари. Бейрут. Дәр ибн Кәсир. 1423 (2002). – 1944 б.
12. Goldziher I. Muhammedanische studien. I. Halle A.S., Max Niemeyer. 1889. Meinem lieben Freunde. C. Snouck Hurgronje widme ich diese Blätter. Microfilmed by university of Toronto. Library master negative no.: 930016. 420.
13. Абдурахман әл-Бәдәуи. *Мәусуға әл-мустәшириқин*. – Бейрут: Дәр әл-ғилм лил-мәләийн, 1993. – 640 б. – 3-б.

References

1. Goldziher I. Muslim studies. Edited by S.M. Stern. Translated from the German by C.R. Barbar and S.M. Stern. Aldine publishing company Chicago. State university of New York press Albany. George Allen & Unwin Ltd, London. Library of Congress Catalog Card Number 67-20745. Translated from the German. Muhammedanische Studien. (Published by Max Niemeyer, Halle, 1889-1890). – Volume one. – 255 p.

2. Ibn Hisham. As-Sira an-nabauiya. – Beirut: Dar al-kitab al-arabi, 1410 (1990). – 3-b.; 1-t. 440 b.
3. Abu Jagfar Ahmad ibn Muhammad ibn Salama ibn Abdulmalik ibn Salama al-Azdi al-Hajari al-Mysri at-Tahawi al-Hanafi. Sharh magani al-asar. – Beirut: Alam al-kutub, 1414 (1994). – 1-b. 3-t. – 335 b.; 1414 (1994). – 1-b. 4-t. – 414 b.
4. Imam Abu Abdurrahman Ahmad ibn Shugaib an-Nasai. Kitab as-sunan al-kubra. – Beirut: Muassasa ar-risala, 1421 (2001). – 1-b.; 10-t. – 456 b.
5. Musnad al-imam Ahmad ibn Hanbal. – Beirut: Muassasa ar-risala, 2015. 5-t. – 496 b.
6. Sheikh al-imam sultan al-ulama Gizzuddin Abdulaziz ibn Abdussalam as-Salima ad-Dimashki ash-Shafigi. Tafsir al-Quran. Saud Arabiyasy. al-Ahsa. 1996. 3-t. 588 b.
7. Abu al-Abbas Muhammad ibn Ishak as-Saqafi. Hadis as-Siraj. tah. Zahir ibn Tahir ash-Shahami. tah. Abu Abdulla Husein ibn Ukasha. – Kair: al-Faruq al-hadisiya, 1425 (2004). 1-b.; 3-t. – 429 b.
8. Abu Bakr Ahmad ibn al-Husein ibn Ali al-Baihaki. tah. Muhammad Abdulqadir Ata. As-Sunan al-kubra. – Beirut: Dar al-kitab al-ilmiya, 2002. 6-t. – 616 b.
9. Tafsir ash-Shagraui. Kair: Dar ahbar al-iaum, 1991. – 3704-b.
10. Quran Karim. Qazaqsha tusindirmeli audarma / Aud. A.Akimhanov, N.Anarbayev. – Almaty: Dauir, 2021. – 624 b.
11. Abu Abdulla Muhammad ibn Ismail al-Buhari. Sahih al-Buhari. – Beirut: Dar ibn Kasir. 1423 (2002). – 1944 b.
12. Goldziher I. Muhammedanische studien. I. Halle A.S., Max Niemeyer. 1889. Meinem lieben Freunde. C. Snouck Hurgronje widme ich diese Blätter. Microfilmed by university of Toronto. Library master negative no.: 930016. 420 p.
13. Abdurrahman al-Badaui. Mausuga al-mistashriqin. – Beirut: Dar al-ilm lilmalaiin, 1993. 3-b. – 640 b.